


# ЦИФРЛЫҚ ҚАЛА (SMART CITY)



# ЖОСПАР:


- “Smart city “ дегеніміз не?
- “Smart city“ идеясы дамыған елдер(Сингапур).
- ”Smart city “ пайда болу тарихы.
- Қазақстандағы “Smart city “ бағдарламасының дамуы(Астана қаласы мысалында)
- Қорытынды



# SMART CITY



"SMART CITY" ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ  
– ХАЛЫҚТЫҢ БАРЛЫҚ РЕСУРСТАР  
МЕН ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІНІҢ ЖАН-  
ЖАҚТЫ ТЕПЕ-ТЕҢДІГІН  
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ҚАЛАЛЫҚ  
ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ  
ЗИЯТКЕРЛІК ДАМУЫ. ЖОҒАРЫ  
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕР  
НЕГІЗІНДЕ "АҚЫЛДЫ ҚАЛАЛАР"  
БАРЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫҰТЫМДЫ  
ПАЙДАЛАНУ МЕН БАСҚАРУҒА ҚОЛ  
ЖЕТКІЗУДІ ЖӘНЕ ТІРШІЛІК ЕТУ  
ОРТАНЫ ӨЗГЕРТУ МЕН  
БАСҚАРУҒА ЖЕРГІЛІКТІ  
ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ КЕҢ  
ТАРТЫЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУІ  
КЕРЕК. ДЕМЕК, БҰЛ  
ТҰЖЫРЫМДАМА ЕЛДІҢ БАРЛЫҚ  
ІРІ ҚАЛАЛАРЫН ҚАМТУҒА ТИІС.



Негізінен "Smart City" термині IT компаниялардың ұсынуымен жаңа серпін алды. Танымалдылығы артып, бүгінде әлемнің барлық дерлік ірі қалалары осы мәртебені иеленуге ұмтылып отыр.

Аустралияның ғаламдық инновациялық агенттігі жариялаған рейтингте (Innavation cities) Ұлыбритания елінің астанасы Лондонкөш бастап тұр. Екінші орында Нью-Йорк (АҚШ) болса, үштікті Токио(Жапония) түйіндеген. Сондай-ақ алғашқы ондыққа Сан-Франциско, Сан-Хосе, Бостон, Лос-Анджелес, Сингапур, Торонто және Парижқалалары енген..

Интеллектуалды ғимараттардың пайда болуы кезеңіне көз жүгіртер болсақ, «smart city» түсінігі 1950 жылдан бастап қолданыла бастады. Оны қолданған америкалық экономист Питер Друкер деген азамат екен. Бұл ұғым қала құрылысын салар кезде жазылған еңбек көрінеді. «Менеджменттің тәжірибесі» деп аталатын туындысында экономист smart city-ге былай деп анықтама берген: specific – нақты, measurable – өлшенетін, achievable – қолжетімді, realistic – шынайы, timed – белгілі бір уақытта. Алайда, іс жүзінде бұл концепция бірнеше жылдан кейін ғана қолданылды. Яғни, 1984 жылы АҚШ-та «City Place» деген атаумен салынып шықты. Онда бейнебақылау жүйесі, қауіпсіздікті қадағалайтын жабдықтар, өздігінен жұмыс атқаратын аспаптар болған. Тек қазіргідей ақпараттық жүйелер болмаған. Одан кейін 1993 жылғы Силикон алқабында пайда болған smart city «ақылды өсу» концепциясына ықпал еткен. Ал қазір әлемнің 2500-дей қаласы ақылды қала концепциясын қолданады. Оның ішінде бұл жүйені басынан бастайтын қалалар мен кезең-кезеңімен орындап келе жатқан қалалар бар.



# СИНГАПУР: ҰШҚЫШСЫЗ АВТОМОБИЛЬДЕРДІ КҮТУ ҮСТІНДЕ




Азиядағы қала-мемлекет саналатын Сингапур – технологиялық тұрғыдан әлемдегі көшбасшы ел. Мұндағы «Smart Nation» бағдарламасы ресурстарды басқаруға көмектесуде. Бұл қаладағы ақылды қаланың ең негізгі элементі – ақылды көше қозғалысы. Сол себептен мұнда көлік кептелісі атымен жоқ. Өйткені, көшенің барлық қиылысында ақылды бағдаршамдар, транспорттық ағынның сыйымдылығын бақылап отыратын датчиктер орнатылған. Ал ақылды көлік тұрақтары бос орындар туралы ақпараттарды көлік иелеріне хабарлап отырады. Бұған қоса, бұл ел цифрландырудың арқасында электронды сауданы дамытты. Ашық және жариялы үкіметті қалыптастырды.

Қазақстандағы ақылды қалалар:  
Smart Astana, Smart Almaty

«Ақылды» қалалардың жаһандық рейтингіне Қазақстан қалаларынан 2 мегаполис еніп отыр. Олар – Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары. Нұр-Сұлтан қаласы 2018 жылы «IDCSmart City» деп аталатын әлемдік ақылды қаланың жетілуін бағалайтын модельде 2.48 балды алды. Бұл көрсеткіш бойынша ең цифрлық мемлекет саналатын Сингапурдың өзі 4,4 балды алған. Әлемдегі ең жайлы әрі әдемі қала – Дубай болса, 3,6 балды иемденген. Ал көршілес Мәскеу 3,6 балға ие болған. Өз кезегінде еліміздегі миллионер қала саналатын Алматы ақылды қала категориясы бойынша көптеген қалалардан оқ бойы озық тұр. Әлемнің 165 қаласы қатысқан жаһандық рейтингте Санкт-Петербург, Рио-де-Жанейро, Кейптаун сынды ірі қалаларды артқа қалдырып, 118-ші орынға табан тіреді.







«Smart Astana» жобасының арқасында елордада мынадай көрсеткіштерге қол жеткізілді:

Нұр-Сұлтан қаласында медициналық ұйымдар ақпараттық жүйелермен 100% қамтылды; интернет желісіне де 100% қосылды; 8101 дәрігер мен мейірбике қызметкері ақпараттық жүйені пайдаланады; 24 833 электрондық форматта радиологиялық диагностикалауды зерттеулер жүргізілді; 30 933 электрондық стационарлық парақ шығарылды; 17 мың бала 1-ші сыныпқа электронды жүйе арқылы қабылданды; 28 мыңнан астам мектепке дейінгі ұйымдардың өтініштері автоматты түрде өңделді; 6 мың оқушы колледждерге онлайн-өтінім беру арқылы қабылданды; Білім саласы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету 3-5 күннен 5-10 минутқа дейін қысқарды. Сонымен қатар, жол-көлік оқиғаларының саны 15%-ға азайды; жол-көлік апаттарынан жарақат алу саны 16%-ға азайды; жол-көлік оқиғаларының салдарынан қаза болу саны 48% төмендеді; 200 көше қиылысында 2400 камера бар орнатылған; қаланың ғимараттары мен нысандарында 800 жалпы бақылау камералары орнатылды.



# Қорытынды:

Қорытындылай кетсек, интеллектуалды қалалар болашақта өз маңызын жоймайды. Себебі, дәл осы ақылды қалалар арқылы пайдалы ресурстардың жаңа көздерін ашу оңай болады. Бұл бір десек, екіншіден цифрлық мегаполис ІТ-секторының дамуына баға жетпес табыс әкеледі. Үшіншіден, ол қазіргі тәуекелдер мен шындықтарға жауап бере алады. Төртіншіден, азаматтардың талап-тілектері орындалып, жайлы өмір орнайды. Бесіншіден, мемлекет экономикалық тұрғыдан қуатты, әлеуметтік тұрғыдан әлеуетті елге айналады.